



Үн экспортынан
ұтымалы
тұрмыз ба?

4-бет



Тәртіп,
Әліппе!

5-бет



Ерге – еңселі
ескерткіш

7-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№158 (30137) 23 ТАМЫЗ, ДҮЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жылынама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ



Путинмен кездесті

Жұмыс сапарымен Мәскеуге барған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесу өткізді, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Күн тәртібінде Ауғанстандағы жағдайға қатысты өңірлік қауіпсіздік, сондай-ақ Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастық және интеграциялық байланыстар аясындағы өзара іс-қимыл мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы Ресей Президентіне Мәскеуге шақырғаны үшін алғыс білдірді.

– Шын мәнінде, біздің байланыстарымыз ешқашан тоқтаған жоқ. Пандемия кезінде де онлайн жүйесінде және телефон арқылы байланысып тұрдық. Дегенмен, жүз рет естігеннен

бір рет көрген жақсы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті екі ел арасындағы барлық бағыттағы өзара ынтымақтастыққа жоғары баға берді.

– Қазақстан мен Ресей – одақтас елдер. Біз халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді, қауіпсіздікті, әсіресе екіжақты ынтымақтастықты үнемі пысықтап отырамыз. Елдеріміз арасындағы қатынастарымыз стратегиялық әріптестік бағытында дамып отырғанын қуантады, – деді Мемлекет басшысы.

(Соңы 2-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Пусан қаласында (Корея Республикасы) Қазақстан Республикасының Бас консулдығын ашу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Пусан қаласында (Корея Республикасы) Қазақстан Республикасының Бас консулдығы ашылсын.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 20 тамыз
№ 642

Жетісудағы жарқын жобаларға – жоғары баға

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысындағы «Маревен Фуд Тянь-Шань» кәсіпорнына барды, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысына кәсіпорынның мүмкіндіктері туралы мәлімет берілді. Компания басшылығының мәліметіне сәйкес 4,5 гектар аумақты алып жатқан кәсіпорынға 30 миллиард теңге инвестиция салынған. Компания Жапония, Швейцария және Германиядан әкелінген инновациялық құрылғылармен тез дайындалатын азық-түлік өнімдерін шығарады. Жылына 85 мың тонна өнім шығаруға мүмкіндігі бар.

Қазіргі уақытта кәсіпорын 500 миллион қаптама шығарса, соның 70 пайызы экспортталады.

«Маревен Фуд Тянь-Шань» ЖШС 670 адамды жұмыспен қамтып отыр. Оның 95 пайызы – жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары.



Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаевқа облыс әкімі Аманжол Баталов өңірдегі жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар мен облыстың

әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп берді.

(Соңы 2-бетте)

Тәртіп сақшыларына қамқорлық күшейтіледі

Мемлекет басшысы «Қайсар-2021» оқу-жаттығуына барды



Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қайсар-2021» оқу-жаттығуына барды, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұлан құрылымының Алматы облысындағы Жауынгерлік және әдістемелік дайындық орталығында өткен «Қайсар-2021» жедел-тактикалық оқу-жаттығуларында болды.

Мемлекет басшысына арнайы жасақ қызметкерлерінің қоян-қолтық ұрысқа дайындығы көрсетілді. Президент жаттығу жүйелері, биікке өрмелеу кабырғалары және оқу орталығының мультимедиялық мылтық ату полигонын аралады.

Жоғарғы Бас қолбасшы әскерилер алдында сөйлеген сөзінде Қазақстанның мықты мемлекет болып қалыптасуына құқық қорғау органдары елеулі үлес қосып жатқанын атап өтті.

– Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында елімізде қоғамдық қауіпсіздік берік орнықты. Қылмыспен күресіп, азаматтардың алаңсыз тіршілігін қамтамасыз ету – тәуекелі көп жұмыс. Тәртіп сақшысы кез келген уақытта

кәтердің бетін қайтаруға дайын тұруға тиіс. Бұл зор жауапкершілік пен төзімділікті талап етеді. Полиция қызметкерлері кәшанда қырағы әрі ширақ болуы керек. Сондықтан осындай оқу-жаттығулар кәсіби шеберлікті шыңдау үшін өте маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент құқық қорғау органдарында қызмет ету физикалық және психологиялық қысымға ұшыратып, тіпті кейде жеке өміріне де қауіпті екеніне тоқталды.

– Тәуелсіздік жылдарында ішкі істер органдары мен Ұлттық ұланның әскери қызметшілері қатарынан, барлығы 802 азамат қызметтік міндеттерін орындау барысында қаза тапты. Олар өмірінің соңына дейін антына адал болды. Ерлердің есімі мәңгі ұмытылмайды. Жанқиярлығы мен батырлығы үшін 1567 қызметкер ордендермен және медальдармен марапатталды, – деді Мемлекет басшысы.

Жоғарғы Бас қолбасшы құқық

қорғау органдары саласындағы штаттық қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселесіне тоқталды.

– Алдағы үш жылда ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақысы орта есеппен 30 пайызға өседі. Осы мақсатқа жұмсауға 100 миллиард теңгеден астам қаржы қарастырылған. Ұлттық ұлан сарбаздарының айлық жалақысы біртіндеп өсіп келеді. 2021-2023 жылдары офицерлердің жалақысы 70 пайызға, келісімшарт бойынша қызмет ететін әскерилердің еңбекақысы 60 пайызға жуық артады. 2024 жылдың соңына дейін арнайы күштерде қызмет ететіндер мен келісімшарт бойынша қызмет атқарып жүргендердің бәрі офицер шенін алады. Жыл сайын тұрғын үйге қомақты қаражат жұмсалып келеді. Қазіргі кезде 24 мың полиция қызметкері мен 13,5 мыңнан астам әскери қызметшіге тұрғын үй төлемдері беріліп тұрады. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті күзететін қызметкерлерге жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсету біздің мемлекетіміздің басымдықтарының бірі болып қала береді, – деді Қазақстан Президенті.

(Соңы 2-бетте)

БҰҰ-ның Қазақстанға сенімінің айғағы



Таяуда БҰҰ Ауғанстанға жәрдем көрсету жөніндегі миссиясын (UNAMA) Алматы қаласына уақытша орналастыру туралы Қазақстанға өтініш білдірді. Бұл саяси шешімнің еліміз үшін маңызы зор. Сыртқы саясатта жүргізілген қонжықтай бейбіт ұстанымымыздың жемісі десек, қателеспейміз.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Ауғанстандағы ішкі саяси ахуал шиеленісіп, «Талибан» ел билігін қолына алған соң жағдайдың қиындағанына байланысты көптеген мемлекет өз елшіліктерін әкетуге талпынып жатыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымы да Ауғанстанға жәрдем көрсету жөніндегі миссиясын (UNAMA) және аталған елде аккредиттелген БҰҰ-ның басқа да агенттіктерін Алматы қаласына көшіруді ұйғарған. Осыған байланысты 18 тамызда UNAMA қызметкерлері бар алғашқы борт Алматы әуежайына келіп қонды. Қазіргі таңда Сыртқы істер министрлігі, шаһар әкімшілігі, басқа да ведомстволар бірлесіп, БҰҰ миссиясын орналастыруға кірісті.

UNAMA және басқа да БҰҰ агенттіктерінің кеңселері Ауғанстандағы

жағдай тұрақтанғанға дейін Алматыда қалмақ. Жоспар бойынша бұл шамамен жарты жылға созылуы мүмкін. Қызметкерлердің тұруы, кеңсе мен үй-жайларын жалға алуы және басқа да шығындар толығымен БҰҰ-ның бюджетінен қаржыландырылады.

БҰҰ-ның Ауғанстандағы миссиясын Қазақстанға көшіруі бекер емес. Біріншіден, еліміз бен халықаралық ұйым арасында тығыз қарым-қатынас орнаған. Тәуелсіздік алғалы Қазақстан БҰҰ-ның барлық басты органдарында, соның ішінде, Қауіпсіздік Кеңесінде жанжалдарды реттеу, ядролық қаруды таратпау және қарусыздану, терроризмге қарсы күрес, конфессияаралық және ұлтаралық диалог, теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің мүддесін қорғау секілді басымдықтарды дәріптеуге атсалысты.

(Соңы 3-бетте)



Жетісудағы жарқын жобаларға – жоғары баға

(Соңы. Басы 1-бетте)

Облыс әкімінің айтуынша, аймақ экономикасына 312 миллиард теңге инвестиция тартылып, 40 мың жұмыс орны ашылған. Биыл өңірде жалпы құны 112 миллиард теңге болатын 65 жоба іске асырылып жатыр.

Амандық Баталов Президенттің былтырғы Германияға жасаған сапарының нәтижесінде «Бауманн» компаниясы ұсақ мал етін өңдейтін, қуаты 30 мың тонналық «Жетісу қой» жобасын қолға алғанын хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев облыста атқарылып жатқан инвестициялық жобаларға оң баға беріп, басталған жұмыстарды уақтылы аяқтауға тапсырма берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Dolce кәсіпорнына барды.

Қазақстан Президентіне компанияның жұмысы мен шығаратын өнімдері туралы мәлімет берілді.

Компания басшылығы Dolce

кәсіпорнын ел нарығында 1998 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқанын айтты. 372 адам еңбек етіп жатқан кәсіпорын 160-тан астам өнім шығарады. Олардың арасында қазіргі уақытта аса қажет медициналық қолғаптар, үш және төрт қабатты бетперделер, халаттар, дәрі-дәрмектер бар. Компанияның жылдық қаржы айналымы – 8,4 млрд теңге.

Мемлекет басшысына облыстағы денсаулық сақтау саласының жағдайы туралы баяндалды.

Алматы облысында коронавирусқа қарсы іс-шаралар аясында қысқа мерзімде 200 төсектік жұппалы аурулар ауруханасы салынып, 180 жедел жәрдем көлігі және 12 жылжымалы медициналық кешен сатып алынған. Облыстың 17 ауруханасы оттегі станцияларымен қамтамасыз етіліп, төсек-орындардың 17 компьютерлік томограф, 53 рентген, 75 Хай Флу,



606 желдету аппараттары жұмыс істеп тұр.

Сонымен қатар бүгінде облыс

халқының 649 мың тұрғыны екіпенең I компонентін, 510 мыңы II компонентін салдырған.

Бұл облыс халқының 60 пайызы вакцинамен қамтылғанын көрсетеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев облыс басшылығына өңірдегі эпидемиялық жағдайды үнемі бақылауда ұстауды, вакцина салу жұмысын жеделдетуді тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысына сапары барысында Іле ауданындағы «Лукойл Лубрикантс Орталық Азия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жағармай шығаратын зауытында болды.

Мемлекет басшысына жұмыс барысы мен шығарылатын өнімдер көрсетілді. Сонымен қатар кәсіпорынның қазіргі жұмысы мен технологиялық тұрғыдан жаңғырту жоспары туралы ақпарат берілді.

Зауытты аралап көрген Президент компанияның жұмыстарына оң баға беріп, табысты дами берулеріне тілектестік білдірді.

Жобалық қуаты жылына 100 мың тонна жағармай өндіретін зауыт 225 адамды жұмыспен қамтып отыр. Инвестициялық жобаның құны 94 миллион доллар.

Путинмен кездесті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Владимир Путин екі ел арасындағы тығыз байланыстарды атап өтті.

– Біздің байланыстарымыз үзілген жоқ. Қатынастарымызды тұрақты, өте жоғары деңгейде және барлық бағыттар бойынша жүргізіп келеміз. Бұл – парламентаралық және үкіметаралық байланыстар. Жақында ғана біздің Үкіметіміздің басшысы Қазақстанда жұмыс сапарымен болып, ауқымды шаруалар атқарды және барлық кездесулер бойынша маған баяндап отырды. Пандемияға қарамастан, бірінші жартыжылдықтағы тауар айналымы 33 пайызға артты. Халықаралық ұйымдарда, соның ішінде, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ арқылы да байланыс орнаттық. Барлық бағыттар бойынша ілгерілеушілік бар. Одақтастық байланыстарымыз нығайып, жаңа

сапада тың мүмкіндіктерге жол ашылауда, – деді Ресей Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты сауда-экономикалық байланыстар мен өңіраралық қатынастарды нығайтуды қолдады.

– Жаңа ғана екіжақты тауар айналымының нақты санын айттыңыз. Бұған қоса, көршілес өңірлеріміздің тауар айналымы 70 пайызды құрайтынын да айта кеткен жөн. Өңіраралық ынтымақтастық форумында кездесуді жоспарлап отырмыз. Қазан айындағы кездесу жүзбе-жүз өтпесе де, онлайн байланыста болады. Одақтас байланыстарымызға тың қарқын беретін бұл кездесуді жұртшылық күтіп отыр, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Ресей Президенті өз кезегінде жаһандық және аймақтық қауіпсіздіктің өзекті мәселелеріне ерекше мән берді.

– Өрине, қазіргі таңда ең өзекті

мәселе – қауіпсіздік. Әсіресе, Ауғанстандағы жағдай ушығып барады. Дүйсенбі күні Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы аясында бейнеконференция режимінде жиналып, пікір алмасамыз деп үміттенемін. Одан кейін қыркүйекте Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы аясында жоспарлы жұмысымызды жүргізе береміз, – деді Владимир Путин.

Қасым-Жомарт Тоқаев туындап отырған сын-тегеуріндерге байланысты екі ел арасындағы өзара іс-қимылдардың маңызды екенін атап өтті.

– Шын мәнінде, біз қауіпсіздік мәселесіне қатысты саясатымызды үнемі кеңесіп жүргіземіз. Бұл мәселе, әсіресе, Ауғанстандағы жағдайға келгенде аса өзекті. Алдағы іс-қимылдарымызды жүйелеу үшін Сіздің осы жағдайға қатысты пікіріңізді білгім келеді, – деді Қазақстан Президенті.

Тәртіп сақшыларына қамқорлық күшейтіледі

Мемлекет басшысы «Қайсар-2021» оқу-жаттығуына барды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі жедел-тактикалық жаттығуларға баға бере келе, Ішкі істер министрлігі түрлі дағдарыстардың алдын алуға және жолын кесуге тас түйін дайын екендерін көрсетті деді. Мемлекет басшысы осы жетістіктермен тоқтап қалуға болмайтынын, халықаралық озық тәжірибені мұқият зерделеп, отандық мамандарды даярлау жүйесін дәйекті түрде жетілдіру қажет екеніне тоқталды.

– Халықаралық ахуалдың шиеленісуі жағдайында біздің күштік құрылымдар

мейлінше ұтқыр болуға тиіс. Ауғанстандағы жағдайға байланысты қоғамда алаңдаушылық артып келе жатқанын көріп отырмыз. Бұл оқиғалар Қазақстанға тікелей қауіп төндірмейді. Алайда белгілі бір дәрежеде қатері бар. Сондықтан біз жағдайды мұқият бақылап, кез келген сын-қатерге лайықты жауап беруге дайын болуымыз керек, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Қасым-Жомарт Тоқаев күштік құрылымдар қызметкерлерінің алдында сөйлеген сөзінде жас ұрпақтың соларға қарап бой түзейтінін ескертті.

– Баршаңыз тәртіп сақшысы деген абыройлы атқа лайық болуларыңыз керек. Сіздерге берілетін ең жоғары баға – халықтың сенімі мен алғысы. Ішкі істер органдарының қызметкерлері осы сенімді ақтайды деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Жоғарғы Бас қолбасшыға Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев ведомство қызметкерлерінің қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша тапсырмаларды орындауға дайындығы туралы баяндап, арнайы, әскери техникалар мен қару-жарақтардың үлгілерін көрсетті.

ЕАЭО дағдарысқа қарсы шараларын өзектендіруді ұсынды

Қазақстан Премьер-Министрі Асқар Мамин Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында өткен Еуразиялық үкіметаралық кеңес (ЕУАК) отырысына төраға ретінде қатысып, онда ЕАЭО-ның экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде бастамалар көтерді. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Үкімет басшысы Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің негізгі экономикалық көрсеткіштерінің сенімді қалпына келтірілуін атап өтті. ЕАЭО аясындағы өзара сауда биылғы қаңтар-маусым айларында шамамен 33 млрд долларды құрады, бұл өткен жылдың сойкес кезеңімен салыстырғанда 32%-ға артық. Үшінші елдермен сауда көлемі 24,5%-ға өсіп, 371,1 млрд долларды құрады.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің барлық көлік түрлерінің жүк айналымы 3,1 трлн тонна-километрге жетті, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,6%-ға артық.

Транзит көрсеткіштерінде елеулі өсім байқалады. Атап айтқанда, тек Еуропа-Қытай-Еуропа бағыты бойынша осы жылғы қаңтар-шілде айларында Қазақстан аумағы бойынша контейнерлік тасымалдар көлемі 47%-ға өсіп, 381,4 мың ЖФЭ құрады.

Премьер-Министр пандемиямен байланысты тәуекелдер бұған дейін болжанғаннан да ұзақ мерзімді сипатқа ие екенін атап өтті. Осыған байланысты 2020 жылғы сәуірде ЕАЭО шеңберінде экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша қабылданған шараларды өзектендіру қажет екенін атап өтті. ЕЭК-ке тиісті ұсыныстарды 2021 жылғы қазанда өтетін ЕУАК-тың келесі отырысына енгізу тапсырылды.

А.Мамин азық-түлік нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, АӨК өнімдерін өндіру бойынша ЕАЭО әлеуетін арттыру және оны сыртқы нарықтарға шығару, секторда қосымша қаржыландыру көздерін қалыптастыру бойынша қосымша бірлескен жедел

шаралар қабылдаудың маңыздылығын атап өтті.

«Аталған міндеттерді іске асырудағы сапалы тәсіл біздің макроөңірге азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және өзін еуразиялық кеңістіктегі ең маңызды азық-түлік хабтарының бірі ретінде танытуға мүмкіндік береді», деді А.Мамин.

Үкімет басшысы жетекші қаржы ұйымдарымен әріптестікте ЕАЭО-да «жасыл» жобаларды және «жасыл» қаржыландыруды ілгерілету жұмыстарын жеделдету қажеттігін атап өтті.

Қазақстан Премьер-Министрі туризмді дамытуда бірінші кезектегі міндеттер ретінде ЕАЭО елдері азаматтарының ортақ нарықтарға, оның ішінде вакциналау паспорттарын өзара тану, жеңілдетілген карантиндік режимі бар бірлескен туристік аймақтарды қалыптастыру және цифрлы инфрақұрылымды одан әрі дамыту арқылы өзара қол жеткізуін жеңілдету жөніндегі шараларды қамтамасыз етуді атады.

Отырыста Қазақстан тарапының бастамасы бойынша сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі аймақтық ұйым құру туралы шешім қабылданды. Бұл еуразиялық кеңістікте сәйкестікті бағалау жөніндегі ұлттық органдардың қызметін шоғырландыруға, уақыт пен қаржы ресурстарын үнемдеуге және саудадағы техникалық кедергілерді алып тастауға мүмкіндік береді.

ЕАЭО шеңберінде органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерінің ортақ нарығын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары, ЕАЭО-ға мүше

мемлекеттердің үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын іске асырудың 2021-2023 жылдарға арналған негізгі бағыттары мен кезеңдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары, ЕАЭО мен ҚХР арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мүддесінде жүк темір жол тасымалдарын цифрландыру жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Тауарларды әкету кезінде белгіленетін экспорттық реттеудің біржақты шараларын жақындастыру, ЕАЭО-ның ішкі нарығындағы алып қоюлар мен шектеулерді жою, Еуразия қайта сақтандыру компаниясын құру, жаһандық климаттық күн тәртібін іске асыру тұрғысынан ортақ тәсілдемелер тұжырымдау, трансшекаралық есеп айырысуларды автоматтандыру және интеграциялау, мұнай мен газдың ортақ нарықтарын қалыптастыру жөніндегі жұмыс барысы, темір жол көлігінің транзиттік әлеуетін дамыту және т.б. мәселелер қаралды.

Отырысқа сондай-ақ Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Премьер-министрі Роман Головченко, Қырғызстан Премьер-министрі Улукбек Маринов, Ресей Премьер-министрі Михаил Мишустин, Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов қатысты, Куба Премьер-министрі Крус Мануэля Марреро бейнемәлімде жасады.

Шолпан-Ата қаласына сапары аясында Үкімет басшысы Асқар Мамин Қырғызстанның Премьер-министрі Улукбек Мариновпен екіжақты келіссөз жүргізді. Екі елдің сауда-экономика, инвестиция, су-энергетика, АӨК, өнеркәсіптік кооперация және басқа да салалардағы ынтымақтастығының өзекті мәселелері талқыланды.

2021 жылдың 6 айында екіжақты сауда көлемі 413 млн долларды құрады. Тараптар бұл көрсеткішті 1 млрд долларға дейін жеткізуге ниетті.

Тұлғаға құрмет көрсетілді

Еліміздің және ТМД-ның денсаулық саласында аты аңызға айналған Төрегелді Шарманов Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Бейбітшілік және прогресс сыйлығымен марапатталды, деп хабарлады Akorda.kz.



Президент Жарлығымен бекітілген арнайы төсбелгі мен құжатты академикке Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев тапсырды. Елбасы мен Мемлекет басшысының дұғай сәлемін жеткізген Мемлекеттік хатшы Төрегелді Шармановқа денсаулық сақтау саласындағы ерен еңбегі үшін алғыс білдірді.

Қырымбек Көшербаев академиктің денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі ұшан-теңіз екенін айтып, қазақ елі ғана емес, ТМД-ның медицинасын алға үйірген азаматтың бірі екенін тілге тиек етті. Оның нақты мысалы ретінде 1978 жылы Алматыда қабылданған ХХ ғасырдағы денсаулық сақтау саласының хартиясын айтуға болады. Бұл құжат әлі күнге дейін дүниежүзілік денсаулық сақтау саласының бір мақтанышы саналады екен.

– Өткен жылы ДДҰ өзінің конференциясында Алматы декларациясының ХХІ ғасырда да өзекті екенін

айтып, алғашқы медициналық көмек денсаулық сақтау саласындағы басты басымдық ретінде қала береді деп қаулы қабылдады. Денсаулық сақтау саласының болашағын және негізгі басымдықтарын айқындаған үлкен құжаттың қазак жерінде, Алматыда қабылданғаны, оның ішінде Төрегелді Шармановтың бастамасы болғанын біз мақтанышымен айтамыз. Ал тоқсанның төріне шыққан академик бүгінде дұрыс тамақтану бағытында толайым табыстарға жетіп, медицина мен ұлттық дәстүрді ұштастырған ғалым өскелең ұрпақты тәрбиелеуде ерен еңбек сіңіріп келеді, – деді Қырымбек Көшербаев.

Өз кезегінде Төрегелді Шарманов Елбасы мен Мемлекет басшысына алғыс айтты. Жастарға өсиетін жеткізді.

– Ең бастысы, ерінбей еңбек ету керек. Халыққа, елге, ортаңа адал қызмет қылсаң, бақ пен береке өз аяғымен келеді, – деді Төрегелді Шарманов.